

Н.Гоголь атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханада өл тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында «Республиканың музыкалық мұрасы» аталған кездесу болды. Биылғы жыл қазақ халқының мәдениеті мен өнерін асқақтатқан өнер және мәдениет қайраткерлерінің мерейтойларына толы. Бұл кездесу - солардың бастауы. Музыка әлемі тарландарына арналған кездесуді кітапхананың өнер туралы әдебиеттер бөлімі ұйымдастырды. Ашылу салтанатында сөз алған кітапхана директоры Дина Аманжолова:

- Еліміздің музыкалық құндылықтарын дәріптеп, оны дамытуға үлес қосқан сан қырлы талант иелері мен қайраткерлерге құрмет көрсету, халықөнерінің дәстүрі мен жаңалығын насихаттау мақсатында өткізіліп отыр бұл шара,- деді.

Кездесуге халық әртісі, қобыз үнін әлемге алғаш таныстырған Фатима Жұма-

# Мерейтойлар бастау алды

ғұлқызының шәкірті, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестікке қарасты Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі қобызшылар тобының концертмейстері Ғайни Болтаева, «Нұр-Әсем» фирмасының жанынан құрылған «Сән» театрының директоры, Илья Жақановтың әндерін алғаш орындаған Кама Шұғайыпова, К.Станиславский атындағы облыстық орыс драма театрының әртісі Иван Немцев қатысты.

2011 жылы атап өтілетін мерейтойлар қатарында жыр алыбы Жамбылдың 165 жылдығы, ғалым, сазгер, дирижер, педагог әрі публицист, этнограф-зерттеуші, халық

әртісі һәм өнер ғылымдарының тұңғыш академигі Ахмет Жұбановтың туғанына 105 жыл, Арқаның Ақтоғайынан шыққан талантты әнші, шебер күйші, сазгер әрі ертіс Манарбек Ержановтың 110 жылдық мерейтойы, ҚР халық әртісі, профессор, атақты қобызшы Фатима Балғаеваның 85 жылдығы, сонымен қатар, Илья Жақановтың 75 жылдығы, даңқты күйші, сазгер, қазақ мәдениетінің қайраткері Дина Нұрпейісованың 150 жылдығы бар. Бұл тізімде тек, музыка мәдениетіне үлес қосқандар. Әйтпегенде, биыл қазақ әдебиетінің классигі Қасымның 100 жылдығы, Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханның 155 жылдығы атап өтілетіні әмбеге яан

Қос тілде өткен кеште өнер майталмандарының өмірі мен шығармашылығы баяндалып, шығармалары орындалды. Ахмет Қуанұлының өнер сүйер қауымға танымал «Қарлығаш» скрипкалық туындысын қалалық музыка мектебінің 7-сынып оқушысы Дария Қасыбаева орындаса, Манарбектің «Сайра бұлбұл» әнін Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестікке қарасты «Әуен» ансамблінің әншісі Ришат Шабденов әуелете шырқады. Тыңдаушысының жүрегін шымырлатар қобыз үнін кездесуге қатысушышар қаламыздағы Тәттімбет атындағы колледждің 4 курс студенті Қуаныш Құбатовтың қыл қобызынан тыңдауға мүмкіндік алды.

Жамбылдың «Ленинградтық өренім» өлеңі оқылып, Динаның күйі нақышына келтіріліп орындалды. Соңдай-ақ, биылғы жыл - әнші, профессор, «Тарлан» тәуелсіз сыйлығының лауреты, КСРО халық өртісі Ермак Серкебаевтың 85, халық өртісі Әлібек Дінішевтің 60, сазгер, педагог және халық өртісі Латиф Хамидидің 105, елімізге еңбегі сіңген өнер қайраткері Юрий Аравиннің 70 жылдық мерейтойлары. Қазақ музыка өнерін дамытуға үлес қосып, оны әлемге танытып, қазақтың атын паш еткен талант иелеріне қандай құрмет болса да лайық.

Қазақ поэзиясының төрінен ойып тұрып орын алған Қасымның аты аталмыш кітапхананың тақтайшасында жарқырап тұрса, нұр үсіне нұр болар еді. Ол күн де алыс емес деген үміттеміз.

Жансая ОМАРБЕКОВА.